

Стратегиялық мәні бар маңызды тауарларды, жұмыстар мен қызметтер көрсетуді мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 19 ақпандағы N 198 қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңы 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Алматыметроқұрылыс" ашық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - компания) Алматы қаласындағы метрополитен құрылысымен тікелей байланысты сатып алынуының стратегиялық мәні бар маңызды тауарлар, жұмыстар мен қызметтер көрсетуді беруші болып белгіленсін.

2. Алматы қаласының әкімі заңнамада белгіленген тәртіппен: осы қаулының 1-тармағында көрсетілген компаниямен мемлекеттік бюджетте көзделген қаражат шегінде тауарлар, жұмыстар мен қызметтер көрсетуді мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасауды;

тауарлар, жұмыстар мен қызметтер көрсетуді мемлекеттік сатып алу үшін осы қаулыға сәйкес пайдаланылатын ақшаны оңтайлы әрі тиімді жұмсау қағидатының сақталуын;

осы қаулыдан туындайтын өзге де шаралар қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі